

**"Ақпаратты Қазақстан - 2020" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 7 ақпандағы № 101 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1471 қаулысы  
 Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2013 – 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 7 ақпандағы № 101 қаулысына мынадай өзгерістер енгізсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2013 – 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында (бірінші кезең):

реттік нөмірі 5-жол алынып тасталсын;  
 реттік нөмірі 80-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 94-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

94.	АКТ-жобаларға шетелдік инвестицияларды тарту	ҚРҮ-ге ақпарат	ИЖТМ, ККМ, «KazNex Invest» АҚ (келісім бойынша), «Зерде» АҚ (келісім бойынша)	2013 – 2014 жылдардың 4-тоқсаны	Қаржыландыру талап етілмейді	АКТ-жобаларға шетелдік инвестицияларды тарту
-----	--	----------------	---	---------------------------------	------------------------------	--

»;

реттік нөмірі 113-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

113.	Ақпараттық коммуникациялардың сұранысқа ие жаңа мамандықтары бойынша 5 кәсіптік стандарт әзірлеу	ККМ бұйрығы	ККМ, Енбекмині, «Зерде» АҚ (келісім бойынша), «ИТҚКҚ» ЗТБ (келісім бойынша)	2014 жылғы 4-тоқсан	5 250	
------	--	-------------	---	---------------------	-------	--

»;

реттік нөмірі 157-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

157.	Өнеркәсіп кәсіпорындары объектілерінің агрегаттары мен тораптарының жай-күйін мониторингілеу үшін телеметриялық	ККМ-ге ақпарат	ИЖТМ, мүдделі МО, ЖАО,	жыл сайын 4-тоқсан		
------	---	----------------	------------------------	--------------------	--	--

